

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары  
(тізім бойынша)

2020 жылғы 17 маусымдағы  
№ ДС-110

### Құрметті депутаттар!

Бұқаралық спортты дамытуға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

#### *Бұқаралық спортты дамытуға қатысты*

Елімізде азаматтарды спортпен шұғылдануға тарту бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуде. Мәселен, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, спорттық инфрақұрылымның қадамдық қолжетімділік тұжырымдамасы кезең-кезеңмен іске асырылуда. Былтыр республика бойынша 1238 жаңа спорт ғимараттары салынды.

Бұл жұмысқа демеушілер де белсенді қатысады. Мысалы, Павлодар облысы Май ауданы Кентбек ауылында «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ қолдауымен 3 бөліктен тұратын көпфункционалды спорт алаңы ашылды: жасанды жабыны бар шағын футбол алаңы, балалар ойын алаңы және воркаут-тренажерлер. Қыста шағын футбол алаңы хоккей кортына айналады. Мұндай жобалар басқа өңірлерде де жүзеге асырылуда.

Жалпы ел бойынша 570 тегін балалар-жасөспірімдер клубы мен 477 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі жұмыс істейді, онда 535 мыңнан астам балалар мен жасөспірімдер жаттығады. Каратэ, футбол, үстел теннисі, шахмат, бокс, күрес, таеквондо, волейбол, армрестлинг, баскетбол және басқа да спорт

түрлерінен 107 балалар-жасөспірімдер клубы жалпы білім беретін мектептердің негізінде жұмыс істейді.

Азаматтарды тарту мақсатында спорт ұйымдары тұрақты түрде «Ашық есік күндерін» өткізеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дене шынықтыру және спортты дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы әзірленіп, ү.ж. сәуірде Парламент Мәжілісіне енгізілді. Заң жобасын іске асыруға республикалық және жергілікті бюджеттерде 39 млрд. теңге сомасында қаражат қарастырылған (*дене шынықтыру мұғалімдеріне сабақтан тыс дәрістер үшін үстемақы төлеуге, мыңнан астам ауылдық округтерді спорт нұсқаушыларымен қамтамасыз етуге және өңірлерде дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерлерін ашу*).

Дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамыту жөніндегі 2020 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспар қабылданды. Ол спорттық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруға, мектеп пен студенттік спортты дамытуға, ұлттық спорт түрлерін танымал етуге, еңбек ұжымдарында өндірістік гимнастиканы енгізуге және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған. Кешенді жоспарды іске асыруға 85 млрд. теңге қарастырылған.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде 2019 жылы спортпен айналысатын халықтың үлесі 31% жетті. 2025 жылға қарай бұл көрсеткішті 35%-ға немесе 6 млн. адамға дейін арттыру жоспарлануда.

#### *Кәсіби футболды қаржыландыруға қатысты*

Отандық футбол клубтарының көпшілігі жергілікті бюджет есебінен күн көреді. 2019 жылы әкімдіктер футболды қолдауға 34 млрд. теңге жұмсады. Кейбір клубтарды ұлттық компаниялар немесе жеке меншік иелері қаржыландырылады. Мысалы, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ 2019 жылы «Астана» ФК-н дамытуға шамамен 10 млрд. теңге бөлді.

Сонымен қатар, көптеген өңірлерде спорт шығындарының басым бөлігі футболдың үлесіне тиеді. Айтарлықтай нәтижелердің жоқтығына қарамастан, әкімдіктер футбол клубтарын перспективалары жоғары спорттың түрлерінен артық қаржыландырады. Коронавирус пандемиясы басталғанға дейін 2020 жылы жергілікті атқарушы органдардың спортқа тиесілі бюджетінің 22 % футболға жұмсау жоспарланды.

Спорт саласындағы теңдестірілмеген шығындар мәселесін шешу үшін Мәдениет және спорт министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) 2017 жылы Қазақстан Республикасында спорт түрлерін саралау қағидаларын (бұдан әрі – Қағидалар) бекітті, олар спорт түрлерін үш санатқа жіктеді: «А», «В» және «С». Республикалық деңгейде рейтингті Министрлік, өңірлік деңгейде әкімдіктер қалыптастырады. Соңғы саралауға сәйкес футбол «С» санатына жатады, яғни төмен әлеуетке ие.

Саралауды енгізу спорт саласында теңдестірілген бюджеттік салымдар түрінде оң нәтиже берді. Алайда, Ақмола, Ақтөбе, Қызылорда, Қостанай,

Маңғыстау облыстарында және Шымкент қаласында спортқа арналған шығыстардың 20%-нан астамы әлі күнге дейін футболдың үлесіне тиесілі.

Осы орайда Министрлік жергілікті атқарушы органдар тарапынан Қағидалардың сақталуына талдау жүргізуде. Оның нәтижелері өңірлердің мәслихаттары мен тексеру комиссияларына жолданады, сондай-ақ Үкімет жанындағы Дене шынықтыру және спорт жөніндегі кеңестің алдағы отырысында қаралады.

Аталған кеңес отырысының қорытындылары бойынша Министрлік мүдделі мемлекеттік органдармен бірге Қағидалардың міндетті сақталуын қамтамасыз ететін құқықтық тетіктерді пысықтайды.

#### *Шетел спортшылары мен мамандарын шақыруға қатысты*

Шетел мамандарын дәлдеп шақыру спорт әлемінде жалпы қабылданған тәжірибе болып табылады. Шетелдік тәжірибеден толықтай бас тарту жоғары жетістіктер спортының дамуына кері әсерін тигізеді. Қазіргі уақытта грек-рим күресі, заманауи бекбасшы, триатлон, семсерлесу, байдаркада есу, биатлон, фристайл (акробатика), баскетбол (ерлер), су добы, волейбол, академиялық есу, есу слалы, каратэ, дзюдо, үстел теннисі, жүзу, таеквондо сияқты спорт түрлері бойынша біздің спортшыларды даярлау үшін 37 шетелдік сарапшы тартылды.

Жоғары білікті шетелдік сарапшылар мен атлеттерді дәлдеп шақыру тәжірибесін жалғастыру қажет деп санаймыз. Бұл ретте басымдықты ұлттық кадрларды даярлауға беру тиіс. Шетелдік маманды немесе атлетті ұлттық құрама командаларға шақыру туралы шешімді бас мемлекеттік жаттықтырушылар мен спорт федерацияларды тыңдаудың қорытындылары бойынша Ұлттық Олимпиада комитеті қабылдайды. Кәсіби клубтар шетелдік сарапшылар мен ойыншыларды өз федерациясының регламентіне сәйкес шақырады.

Кәсіби футболда легионерлерді шақыру лимиттерін Қазақстан футбол федерациясы (бұдан әрі – ҚФФ) анықтайды. ҚФФ регламентіне сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдердің азаматтары легионерлер болып саналады. Қазақстан Премьер-лигасының командалары 8-ден артық емес легионерді шақыра алады, сондай-ақ жергілікті ойыншылар үшін 12 орынды сақтап қалуға міндетті.

Шетелдік футболшыларға қатысты қолданыстағы лимит тиімді болып табылады және өз дарындарын тәрбиелеу мен қойылған спорттық міндеттерді орындау арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

#### *Әрбір спорт түрі бойынша бюджеттік нормативтерді анықтау туралы ұсынысқа қатысты*

Бүгінгі күні спортшылардың тамақтануын, керек-жарақтар мен киімдерін, дәрі-дәрмектерін сатып алуды, іссапар шығындарын, біржолғы төлемдердің төленуін реттейтін нормативтер бар. Мемлекеттік қаржыландыру көлемі саралау қорытындылары бойынша айқындалады. Спорт түрінің жоғары рейтингі мемлекеттік қолдауға кепілдік береді.

Елде 100-ден астам спорт түрі дамып келе жатқанын ескере отырып, олардың әрқайсысы үшін қаржыландырудың бірыңғай нормативтерін әзірлеу

саланың қажетсіз реттелуіне алып келеді. Осыған байланысты, спорт түрлері бойынша бюджеттік нормативтерді белгілеуді орынсыз деп санаймыз.

Жалпы, бұқаралық спортты дамыту Үкімет қызметінің басымдықтарының бірі болып табылады және осы бағыттағы жұмыс жалғасын табады.

**А. Мамин**

*Орынд. Ә. Тұрғанбаев*  
*Тел. 745675*

**Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан  
(по списку)**

*На № ДС-110  
от 17 июня 2020 года*

**Уважаемые депутаты!**

Рассмотрев ваш депутатский запрос касательно развития массового спорта, сообщаем следующее.

*Касательно развития массового спорта*

В стране ведется планомерная работа по вовлечению граждан в занятие спортом. Так, совместно с местными исполнительными органами поэтапно реализуется концепция шаговой доступности спортивной инфраструктуры. В прошлом году в республике возведено 1238 новых спортивных сооружений.

Активное участие в этой работе принимают и спонсоры. К примеру, в с. Кентбек Майского района Павлодарской области при поддержке АО «ФНБ «Самрук-Қазына» открыта многофункциональная спортивная площадка, которая состоит из 3 зон: мини-футбольного поля с искусственным покрытием, детской игровой площадки и воркаут-тренажера с тартановым покрытием. Зимой мини-футбольное поле трансформируется в хоккейный корт. Подобные проекты реализуются и в других регионах.

В целом по стране функционируют 570 бесплатных детско-подростковых клубов и 477 детско-юношеских спортивных школ, в которых занимаются 535 тысяч детей и подростков. Из них 107 детско-подростковых клубов по каратэ, футболу, настольному теннису, шахматам, боксу, борьбе, таеквондо, волейболу, армрестлингу, баскетболу и другим видам спорта работают на базе общеобразовательных школ.

В целях привлечения граждан спортивные организации на постоянной основе проводят «Дни открытых дверей».

По поручению Главы государства разработан и внесен в апреле т.г. Мажилис Парламента законопроект **«О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам развития физической культуры и спорта»**, который направлен на **обеспечение доступности спортивной инфраструктуры для детей и маломобильных групп населения**. На реализацию законопроекта в республиканском и местном бюджетах предусмотрены средства на сумму 39 млрд. тенге (*доплаты учителям физкультуры за внеурочные занятия, обеспечение спортивными инструкторами более тысячи сельских округов и организацию* *врачебно-физкультурных диспансеров в регионах*).

**Принят Комплексный план по развитию физической культуры и массового спорта на 2020 – 2025 годы, который нацелен на организацию спортивно-массовых мероприятий, развитие школьного и студенческого спорта, популяризацию национальных видов спорта, внедрение производственной гимнастики в трудовых коллективах и пропаганду здорового образа жизни. На его реализацию предусмотрено 85 млрд. тенге.**

В результате предпринятых мер доля населения занимающегося спортом достигла 31 % в 2019 году. К 2025 году этот показатель планируется увеличить до 35 % или 6 млн. человек.

*Касательно финансирования профессионального футбола*

Большинство отечественных футбольных клубов существуют за счет местного бюджета. В 2019 году акиматами в поддержку футбола выделено порядка 34 млрд. тенге. Некоторые из них финансируются национальными компаниями или частными владельцами. К примеру, АО «ФНБ «Самрук-Қазына» в прошлом году направил порядка 10 млрд. тенге на развитие ФК «Астана».

Вместе с тем, сегодня во многих регионах львиная доля расходов на спорт приходится именно на футбол. Несмотря на отсутствие серьезных результатов футбольные клубы финансируются акиматами в большем объеме, чем более перспективные виды спорта. Так, до начала пандемии коронавируса в 2020 году 22 % бюджета местных исполнительных органов на спорт планировалось потратить на футбол.

Для решения проблемы несбалансированных расходов на спорт в 2017 году Министерством культуры и спорта (далее – Министерство) были утверждены Правила ранжирования видов спорта в Республике Казахстан (далее – Правила), которые предусматривают дифференциацию спортивных дисциплин на три категории: «А», «В» и «С». На республиканском уровне рейтинг формируется Министерством, на региональном – акиматами. Согласно последнему ранжированию футбол относится к видам спорта категории «С», то есть обладает низким потенциалом.

В свою очередь введение ранжирования дало положительный результат в виде сбалансированных бюджетных вложений в сферу спорта. Однако, на развитие спорта в Акмолинской, Актюбинской, Кызылординской, Костанайской, Мангистауской областях и в г. Шымкенте на футбол все еще приходится больше 20 % расходов на спорт.

В этой связи Министерство в настоящее время проводит анализ на предмет соблюдения местными исполнительными органами Правил, результаты будут направлены в маслихаты и ревизионные комиссии регионов, а также рассмотрены на ближайшем заседании Совета по физической культуре и спорту при Правительстве.

По итогам заседания вышеуказанного совета Министерство совместно с заинтересованными государственными органами проработает правовой механизм обеспечения обязательного соблюдения Правил.

### *Касательно привлечения иностранных спортсменов и специалистов*

Точечное привлечение иностранных специалистов является общепринятой практикой в мире спорта. Полный отказ от зарубежного опыта негативно скажется на развитии спорта высших достижений. В настоящее время 37 зарубежных экспертов привлечены для подготовки наших спортсменов по таким видам спорта как: греко-римская борьба, современное пятиборье, триатлон, фехтование, гребля на байдарках, биатлон, фристайл (акробатика), баскетбол (мужчины), водное поло, волейбол, гребля академическая, гребной слалом, каратэ, дзюдо, настольный теннис, плавание, таеквондо.

Считаем необходимым продолжить практику точечного приглашения высококлассных зарубежных экспертов и атлетов. При этом ставка должна делаться на подготовку собственных кадров. Решение о приглашении иностранного специалиста или атлета в национальные сборные команды принимается Национальным Олимпийским комитетом по итогам заслушивания главных государственных тренеров и спортивных федерации. Профессиональные клубы приглашают зарубежных экспертов и игроков соответствии с регламентом своей федерации.

В профессиональном футболе лимиты на легионеров устанавливаются Казахстанской федерацией футбола (далее – КФФ). Согласно регламенту КФФ легионерами считаются граждане стран, не входящих в Евразийский экономический союз. Команды казахстанской Премьер-лиги могут заявить не более 8 легионеров, при этом обязаны зарезервировать 12 мест для местных воспитанников.

Действующий лимит на иностранных футболистов является оптимальным и позволяет обеспечить баланс между возвращением собственных талантов и выполнением поставленных спортивных задач.

*Касательно предложения об установлении бюджетных нормативов по каждому виду спорта*

Сегодня уже существуют нормативы, регулирующие питание атлетов, приобретение инвентаря и экипировки, медикаментов, командировочные расходы, выплату единовременных выплат. Объем государственного финансирования определяется по итогам ранжирования. Высокий рейтинг вида спорта гарантирует государственную поддержку.

Учитывая, что в стране развивается более 100 видов спорта, разработка единых нормативов финансирования для каждого из них приведет к излишнему администрированию отрасли. В этой связи, считаем нецелесообразным установление бюджетных нормативов по видам спорта.

В целом, развитие массового спорта является одним из приоритетов деятельности Правительства и работа в данном направлении будет продолжена.

**А. Мамин**

*Исп. Турганбаев А.  
Тел. 745675*